


ABOUT HIV

Отбасы және балалар

АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың отбасы болуы мүмкін және балалары толық сау болуы мүмкін. Тіпті сіздің балаңыз АИТВ-мен өмір сүрсе, емдеу барынша тиімді болып, оған қалыпты және ұзақ өмір сүру мүмкіндігін бере алады.



Сіздің жұбыңызға АИТВ жұқтырмастан бала туу

Егер сіз өз жұбыңызбен балалы болғыңыз келсе, бірақ біреуіңізде АИТВ оң болса, екіншісінде АИТВ-теріс болса, сізге жыныстық қатынас кезінде АИТВ берілмеу амалын жасауыңыз қажет. Тиімді АРВ емдеу сізге бұл мәселені шешуге көмектеседі.

Кейбір жағдайларда, АИТВ-инфекциясын беру қаупі өте төмен болады, сол кезде әйел жүкті болуы үшін қорғалмаған жыныстық қатынас қауіпсіз болып есептеледі:

- Жұптағы АИТВ-оң серігі жазылғандай АРВТ дұрыс қабылдаса;
- Біреуінде алты айдан асатын «анықталмайтын» вирустық жүктеме болса;
- Сіздердің ешқайсыңызда жыныс жолы арқылы берілетін инфекция болмаса;
- Сіз қорғалмаған жыныстық қатынаспен, әйелде овуляция кезеңі жүретін күндері ғана айналыссаңыз.

АИТВ-теріс жұпқа сіздерде қорғалмаған жыныстық қатынас болатын күндері қосымша алдын алу шарасы ретінде АРВ дәрімдері ұсынылуы мүмкін (бұл контакт алдындағы алдын алу шарасы деп аталады немесе ҚаААШ).

Егер сізде немесе сіздің жұбыңызда С гепатиті болса және сізде жүктілікті жоспарласаңыз, денсаулық сақтау мамандарымен тілдесіңіз. С гепатитін емдеу кейде «рибавирин» дәрімегінен тұрады, ол балаға зиян келтіруі мүмкін.

АИТВ-ның анадан балаға берілуінің алдын алу

Жыл сайын АИТВ-мен өмір сүретін мыңдаған әйел АИТВ мүлдем жоқ толық дені сау балаларды босанады. АИТВ берілуі мүмкін, бірақ дұрыс емдеу және күтім кезінде, АИТВ-ның балаға берілу қаупі өте төмен.

АИТВ-берілуінің алдын алу келесі шаралар арқылы жүреді:

- АРВ дәрімдерін жүктілік кезінде қабылдау,
- Кесар тілігі арқылы баланы алу және қынаптық босану арасындағы мұқият таңдау
- Емшекпен тамақтандырудан бас тарту
- Сәбиге бірнеше аптаға АРВ дәрімдерін тағайындау.

Жүктілік кезіндегі АРВ емдеу АИТВ-ның балаға берілу қаупін ананың вирустық жүктемесін төмендету арқылы төмендетіледі, ал бала ана жатырында вирустардың аз мөлшеріне жолығады. Сонымен қатар, кейбір АРВ дәрімдер плацента арқылы баланың ағзасына еніп, вирустың анадан балаға берілуін болдырмайды.

АИТВ сондай-ақ емшек сүті арқылы берілуі мүмкін. Нәрестені жасанды тамақтандыру түрде көшіру қауіпсіз, ол кезде су таза болуы керек. Басқа АИТВ-мен өмір сүретін әйелдер отбасы мен достарға жасанды тамақтандырудың себебін түсіндіруге көмектесе алады.

АИТВ-мен өмір сүретін ер адамдар үшін, егер анасында АИТВ теріс болса балаға АИТВ жұқтырып аламын деп уайымдамасаңыз болады.

Сіздің балаларыңызды АИТВ-ға тексеру

Егер сіз АИТВ-мен өмір сүретін әйел болсаңыз, сіздің балаларыңыздың АИТВ-ға тексеруден өтуі маңызды. Ең жақсысы, туа сала тексеруден өткізу.

Егер ол болған жағдайда, балаларды олардың жасы мен денсаулығына тәуелсіз түрде дереу тексеруден өткізу керек.

Тест сіздің балаңызда АИТВ бар-жоқтығын көрсете алады. Бірақ, кейде бала АИТВ-мен ешбір көрінетін проблемаларсыз бірнеше жылдар бойы өмір сүре алады. Егер сіздің балаңыздың тест

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220

ABOUT HIV

Отбасы және балалар

нәтижесі оң болса, АИТВ қызмет көрсету ұйымдары сізге осы диагнозды балаңызға қалай айту керек екендігін жоспарлауға көмектесе алады.



Балалардағы АИТВ

Олардың денсаулығын барынша басқарсақ, АИТВ диагнозы оң балалар бақытты, қалыпты және АРВ емдеудің арқасында ұзақ өмір сүре алады. АРВ емдеу АИТВ оң балаларда өте тиімді, ол АИТВ-ны ұзақ мерзімдік және басқарылатын қалыпқа айналдырады.

АИТВ-мен науқас балаларға медициналық көмек көрсетудің өз ерекшеліктері бар. АИТВ балалар мен нәрестелерде ересектерге қарағанда басқаша дамиды, негізінен АИТВ жылдамырақ дамуы мүмкін. Сіздің балаңыздың денсаулығын арнайы клиникада тұрақты бақылауда болуы қажет.

АИТВ оң статусы бар балалар өз ауруы туралы ақпарат алуы керек, бірақ ол кезеңді түрде іске асырылуы тиіс. Сіздің балаңызға не айтатыныңыз оның жасы, түсіну деңгейі және осындай ақпаратқа даярлығына байланысты.

Сіз басқа адамдарға өз балаңыздың АИТВ статусы туралы айтар-айтпасыңызды өзіңіз білесіз. Шешім қабылдар алдында егжей-тегжейлі ойланып алу керек. Өсе келе, сіздің балаңыз өзінің АИТВ науқасы туралы кімге қалай айтарын өзі шешеді, бірақ оған осыны жоспарлауда сіздің көмегіңіз қажет болуы мүмкін.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220